

«Бекітемін»

Мектеп директоры: К.С.Байғалиев

## 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жоспары

### Мақсаты:

- оқушылардың Қазақстандық ұлтжандылығы мен азаматтығын қалыптастыру;
- оқушылардың үйлесімді жан-жақты тұлғасын дамыту;
- жоғары мәдениетке және шығармашылық әулетке ие адамды тәрбиелеу

### Міндеттері:

- оқушылардың өзіндік дамуы мен өзіндік айқындалуын педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіру;
- әр оқушының шығармашылық қабілеттерін оңтайлы ашу үшін жағдайлар ашу үшін жағдайлар жасау
- оқыту семинарлары арқылы сынып жетекшілерінің кәсіби шеберлігін арттыру;

-баланы тәрбиелеуде ата-аналар мен педагогтардың өзара әрекеттесуін кеңейту;

-оқушыларда бастамашылдықты және дербестікті тәрбиелеу;

1 қыркүйек Білім күні

Қыркүйек Тілдер айлығы

1-10 қыркүйек Жол –көлік жарақаттарын алдын алу онкүндігі

№	Іс-шара	Формасы	Мерзімі	Жауапты
	Бағыты	«Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие»		
1	Білім күні «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»	Тізіліс 1-11 сыныптар Сынып сағаттары 1-11 сыныптар	1- қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
2	«Қамқорлық» Мектепке жол акциясын ұйымдастыру	Акция	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3	«Менің құқығым мен міндеттерім» тәрбие сағаттары, танымдық бейнефильмдер көру	Бейнефильм көрсету Сынып сағаттары		
4	«Құқық бұзушылықтың алдын	Сынып сағаттар	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі

5	Қамқоршылық кеңесінің отырысын өткізу	Отырыс	Қыркүйек Қаңтар	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
<b>Бағыты</b>		<b>Отбасылық тәрбие</b>		
6	«Отбасы – бақыт мекені» Республикалық іс-шараға қатысу	Онлайн	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		<b>Дене тәрбиесі</b>		
7	«Жеке бас тазалығын сақтау- тұмаудан сақтанудың басты жолы» алдын алу шаралары	Таным сағаты	Жыл бойы	Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		<b>Ұлттық тәрбие</b>		
8	А. Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл	Таным сағаты	Қыркүйек	Гуманитарлық пән бірлестігі Бастауыш сынып бірлестігі
1-қазан Қарттарды құрметтеу күні 3-қазан Ұстаздар күні 10-қазан Еңбек күні Роза Бағланованың 100 жылдығы				
<b>Бағыты</b>		<b>Рухани адамгершілік тәрбие</b>		
9	«Қарттарым- асыл қазынам»	Сынып сағаттары	Қазан	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері
10	«Ұстаз- мектептің жүрегі» құттықтау	Мектепішілік	Қазан	Директордың тәрбие ісі

	бейнеролигі			жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері
<b>Бағыты</b>		<b>Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие</b>		
11	«Күз-береке, күз-мереке»	Қазан		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева Мектеп тәлімгері Н.С. Мұратова Сынып жетекшілер
<b>Бағыты</b>		<b>Ұлттық тәрбие</b>		
12	А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы аясында іс-шаралар	Қазан		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
13	Ә.Нұршайықовтың 100 жылдығы	Қазан		Кумарсағитова К.К Сынып жетекшілер
	Қазыбек бидің 355 жылдығы	Қазан		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру</b>				
16- желтоқсан - Тәуелсіздік күні Жаңа Жылдық іс-шаралар				
14	«Тұғыры биік Тәуелсіздік»			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
15	<b>Бағыты</b>	<b>Ұлттық тәрбие</b>		
	М.Әуезовтың 155 жылдығы			
<b>Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>				

16	10-қазан Еңбек күні	Тізіліс	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
----	---------------------	---------	---

<b>Отбасылық тәрбие</b>			
-------------------------	--	--	--

17	«Жаңа жыл-жаңа жыр»		Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
----	---------------------	--	---

<b>Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты</b>			
--	--	--	--

18	«Қыз тәрбиесі – ұлт болашағы» денсаулықты сақтау бойынша кездесу	<b>Қаңтар</b>	Аналар мектебі мүшелері Сынып жетекшілер
----	--	---------------	---

<b>Рухани зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі</b>			
---	--	--	--

19	«Оқырман ұлт» атты кітап оқу жобасы	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
----	-------------------------------------	----------	---

<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>			
-----------------------------------	--	--	--

<b>НАУРЫЗ</b>			
1 наурыз – алғыс айту күні			
8 наурыз – халықаралық әйелдер күні			
21, 22 наурыз – Наурыз мейрамы			

<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>			
-----------------------------------	--	--	--

20	«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» алғыс айту күніне қайырымдылық, танымдық шаралары	<b>Наурыз</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Мектеп психологі
----	---	---------------	---

<b>Көркем-эстетикалық тәрбие</b>			
----------------------------------	--	--	--

21	«Сыйынар ем ана деген тәңірге» мерекелік концерт	<b>Наурыз</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
22	«Ұлыстың ұлы күні - Наурыз»	<b>Наурыз</b>	Сынып жетекшілер
<b>Сәуір</b>			
23	<b>Денетәрбиесі, салауатты өмірсалты</b> «Темекіден, насыбайдан аулақ бол» алдын алу шаралары	<b>Сәуір</b>	Сынып жетекшілер
<b>Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>			
24	«Экосенбілік» науқаны (айналаны абаттандыру шаралары)	<b>Сәуір</b>	
<b>МАМЫР</b>			
<b>1 мамыр–Қазақстан халықтарының бірлігі күні</b> <b>7 мамыр – Отан қорғаушылар күні</b> <b>9 мамыр- Жеңіс күні</b> <b>31 мамыр–Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні</b>			
<b>Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, Құқықтық тәрбие; ұлттық, отбасылық тәрбие</b>			
25	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (жеке жоспар)	<b>Мамыр</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
26	«Мен әкемді мақтан етемін» атты Отанқорғаушылар күніне арналған әкелерді құттықтау шаралары.	<b>Мамыр</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
27	«Сап жіне ән » мектепішілік әскери-патриоттық сайысы	<b>Мамыр</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АӘД жетекшісі Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
<b>Рухани-адамгершілік тәрбие</b>			

28	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» 9 мамыр күніне арналған шаралар (жеке жоспар)	Мамыр	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары АӘД жетекшісі Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
<b>Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие</b>			
29	«Менің гүлзарым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы	Мамыр	Биология пәнінің мұғалімі Сынып жетекшілер

«К. Шакенов атындағы орта мектебі» КММ

Тәрбие жұмысы бойынша

2022-2023 оқу жылында атқарған

## ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

2022-2023 оқу жылына арналған мектеп директоры бекіткен лауазымдық нұсқаулық хаты бойынша тәрбие жұмысына жылдық жоспары құрылып, жұмыстар атқарылды. Тәрбие тұжырымдамасы жүзеге асыру мақсатында 8 бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес айлық, апталық жоспарлар құрылып, жұмыстар атқарылды. Әр аптаның дүйсенбі күні сағ 7.45-те ақпараттық тізіліс өткізіліп, әнұран орындалады. Мектеп директоры жетістіктері бар оқушыларды марапаттап, мақтау қағаздары мен сыйлықтарын ұсынады.



«Шакенов Шәкірттері» деген инстапарақша ашылып, болатын және күнделікті атқарылған жұмыстары бойынша стористар салынып отырды.

[https://instagram.com/shakenov\\_shakyrtery?igshid=MmJiY2I4NDBkZg==](https://instagram.com/shakenov_shakyrtery?igshid=MmJiY2I4NDBkZg==)

Барлық өткізілген шаралар мектептің фейсбук парақшасы мен инста парақшасында жарияланды. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100037056150146>

<https://www.facebook.com/profile.php?id=100037056150146>

<https://instagram.com/k.shakenov?igshid=ZDc4ODBmNjlmNQ==>

## 1 қыркүйек білім күні

1 қыркүйек білім күніне орай салтанатты жиын өткізілді. Жиынға арнайы жоспар мен сценарий құрылып, мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерге жақсы көңіл күй сыйлау мақсатында ұстаздарды, оқушыларды білім күнімен құттықтай отырып, сыңғырлаған қоңырау үнімен табыстырылды.



### «Менің жазғы демалысым»

Жазғы демалыс жайлы естеліктерді еске түсіру жанға жағымды әсер етеді. Жазғы демалыстарыңызда орын алған естен кетпес қызықты сәттер, оқиғалар, естелік суреттеріңізбен бөлісуге шақырамыз.

Мақсаты: бала бойында шығармашылық қиялды дамыту; салауатты өмір салтын сақтауды насихаттау; дұрыс демалу арқылы тән және жан үйлесімділігін қалыптастыру; оқушылардың өзіндік жетілуіне жағдай жасау. Байқауға балалардың келесідей шығармашылық жұмыстары қабылданады:

- Көркемсурет;
- Бейнеролик;
- Эссе;
- Фотосурет жасалды

### Спорт күні - сергектік мерекесі.

Мектебімізде жыл сайын қыркүйек айында "Денсаулық күні" мерекесін атап өту дәстүрге айналған. Бүгін мерекеге орай салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 2-4, 5-7, 8-11 сыныптар арасында спорттың әр түрінен сайыстар өткізілді. Үздік деп танылғандары марапаттарға ие болды.





### **Сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды**

15 қыркүйек мектебіміздің ауласын тазарту және жинау мақсатында оқушылар ұйымы бастаған ұстаздар мен оқушыларға сенбілік шарасы өтті. Әрбір бөлінген аумақтарда тазалық жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шара қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және жақсартуға тигізер ықпалы мол.



### **Туған жердің табиғаты**

«Туған жердің табиғаты» тақырыбында фото түсіру мен сурет салушы қаламгерлердің арасында арнайы күз мезгілінің әсемдігін суретке түсіру мақсатында ерікті түрде оқушылардың қызығушылығын қалыптастыру мақсатында фотоэтиюд ұйымдастырылды.



### **15 қыркүйектен бастап Президент болуға үміткер кандидаттарды тіркеу басталды**

Кенжебек Шакенов атындағы орта мектебінде әрбір оқушының мектеп өміріне етене араласуына жағдай жасайтын, мектеп дамуына елеулі ықпал ететін – оқушылар ұйымы жұмыс істейді. Мектептің өзін өзі басқару ұйымына мүше болу мектеп оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытуға көмектеседі. Өзін өзі басқару ұйымының Президентін сайлау науқаны 15 қыркүйек пен 22 қыркүйек аралығында ұйымдастырылды.

15 қыркүйектен бастап Президент болуға үміткер кандидаттарды тіркеу басталды.

Сайлау комиссиясы жұмысының алғашқы күндері 6 үміткер тіркеуден өтті:

1. Мұхит Шәрбәт
2. Жұмабек Дәулетберді
3. Жұманқызы Айдана
4. Батырбек Амантай
5. Өнербек Гүлнұр
6. Нарынбек Арман

Әр үміткер өз сайлау алды үгіт насихат жұмыстарын жүргізді.



## 22 қыркүйек - Президенттік сайлаудың нәтижесі шығарылды

Өткізілген оқушылар ұйымының Президенттік сайлаудың нәтижесі шығарылды. Сайлауда жалпы – 64 оқушы дауыс берді

Жұманқызы Айлана- 4 дауыс

Мұхит Шәрбәт- 34 дауыс

Батырбек Амантай- 4 дауыс


Өнербек Гүлнұр - 2 дауыс

Жұмабек Дәулетберді- 3 дауыс

Нарынбек Арман- 24 дауыс

Жарамсыз деп танылған- 3 дауыс.

Дауыс беру нәтижесі бойынша мектеп президенті - 9 "Ә" сынып оқушысы Мұхит Шәрбәт деп танылды.



## Ұланбасын ұлықтау рәсімі

27 қыркүйек күні мектебіміздің «Жас ұлан» ұйымының Ұланбасын ұлықтау рәсімі өткізілді. Салтанатты рәсімде Фракция мүшелері мен сынып басшылары таныстырылып, арнайы төсбелгілер тағылды. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Құдайберген Тортайұлы ұланбасы мен фракция мүшелерін құттықтап, алдағы істеріне сәттілік тілесе, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гулнұр Жармукановна ұланбасы мен фракция мүшелеріне төсбелгі тақты.



### **«Ұстазым. Ұлағатым. Үлгі-өнегем» атты мерекелік концерт**

«Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім - мектептің жүрегі», - деп Ыбырай Алтынсарин айтқандай, оқушылар «Ұстазым. Ұлағатым. Үлгі-өнегем» атты концертпен ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтады. Мерекелік бағдарламаға ардагер ұстаздар да шақырылды.

Ақжал ауылдық округінің әкімі Жумаканов Мерхат Сайлаубайұлы мектебіміздің ұстаздарын арнайы құттықтап, сыйлықтар табыс етті.

Мерекеде ән айтылып, би биленіп, домбыра шертілсе, «Ұстаздың арманы не?» деген сұраққа көрініс арқылы оқушылар жауап берді.



### **«Арайлы алтын күз» мерекесі**

Мектебімізде «Арайлы алтын күз» мерекесі өткізілді. Барлық сыныптар жоғары деңгейде дайындықпен келген. Бастауыш сыныптар арасында өткен сайыста 3 «А» сынып оқушылары бас жүлдені, орта буындар арасында 8 «А» сынып оқушылары және жоғары буын арасында өткен сайыста 11 сынып оқушылары бас жүлдерлерді алды.



### **Республика күніне орай футбол және волейбол ойындарынан жарыс өткізілді**

Республика күніне орай мектебімізде оқушылар ұйымының және Ақжал ауылдық округінің әкімінің ұйымдастыруымен 5-11 сынып оқушылары арасында футбол және волейбол ойындарынан сайыс ұйымдастырылып, жүлделі орындарға бағалы сыйлықтар табыс етілді.



### **"Отандық кино күні" ұйымдастырылды**

Қазақтың тарихи кинолары - жас ұрпақтың еліне деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін оятады. Осы орайда 7-сынып оқушыларымен "Кино күні" ұйымдастырылып, "Қазақ хандығы" киносы көрсетілді.



### **"Жас қыран" және "Жас Ұлан" Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 1-ші және 5-ші сынып оқушыларын салтанатты қабылдау жиыны**

Республика күні қарсаңында, "Жас патриот" жобасы аясында "Жас қыран" және "Жас Ұлан" Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына 1-ші және 5-ші сынып оқушыларын салтанатты түрде қабылдау жиыны өтті. Салтанатты жиынға Ақжал ауылдық округінің әкімі Мерхат Саулаубайұлы арнайы келіп, оқушылар мен ұстаздарды Республика күні мерекесімен құттықтап, мектеп директоры Қайрат Сыдықұлымен оқушыларымызға аспан түстес көгілдір галстуктар

тақты. Оқушыларымыз оқуда озат, алғыр да, білімді, болашақтарынан үміт күттірер ел азаматы мен азаматшалары болады деп сенеміз!



### **«Тұғыры биік тәуелсіз елім!» тақырыбында патриоттық ән байқауы**

Қатысушының бойындағы өнері мен талабын арттыра түсу мақсатында сайыс «Тұғыры биік тәуелсіз елім!» тақырыбында патриоттық ән байқауы ұйымдастырылды. Орындалатын әннің тақырыптық мазмұнының сәйкестігі, сахна мәдениеті, музыкалық өңделуі, орындау шеберлігі сияқты өз ережесі бекітілген болатын. Барлығы: 14 қатысушы болды. Бас жүлдені 7 "А" сынып оқушылары Рифатқызы Баян мен Табысбек Бұлбұл жеңіп алды.



### **Баскетбол жарысы**

31 қазан мен 4 қараша аралығында оқушылардың Күзгі демалыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында құрылған жоспарға сәйкес 8-10 сынып қыздары арасында баскетбол жарысы өтті.



## «Доджбол» ойыны

I тоқсанның демалыс уақытына арналған жоспарға сәйкес 5-7 сынып оқушылары арасында дене шынықтыру пәні мұғалімдері «Доджбол» ойынын ұйымдастырды.



## "Өзін-өзі басқару" ұйымының отырысы

Мектебімізде "Мектеп парламенті" білім алушылардың 2022-2023 оқу жылындағы жоспарына сәйкес "Өзін-өзі басқару" ұйымының отырысы болып өтті. Отырыста жылдық жоспар талқыланып, оқушылар өз ойлары мен ұсыныстарын айтты.



## «Үздік диктор» сайысы

Мектебімізде 5-8 сынып оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік диктор» сайысы өткізілді. Мақсаты:

- оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
- оқушы бойындағы сенімсіздікті жойып, көпшілік алдында еркін сөйлеуге үйрету;
- іс-шаралардың жүргізушілері мен спикерлерін дайындау;

Сайыстың кезеңдері:

- 1) Оқушылар өздерін түрлі форматта таныстыру,
- 2) Екінші кезеңде қатысушылар «Сөз шебері» бағамы бойынша кез келген ақынның өлеңін мәнерлеп, жатқа айту.
- 3) Белгілі бір телеарна бағдарламасын жүргізуге арналды.

Сайысқа жалпы-25 оқушы қатысты.

«Үздік диктор» номинациясын жеңіп алған 6-сынып оқушы Нұрғали Дидар.



### **«Білімге құмар балапан» атты іскерлік ойыны**

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Білімге құмар балапан» атты іскерлік ойыны өтті. Оқушылардың білімділігімен қатар, шапшаңдығы да сынға түсті. Ойын барысында логикалық сұрақтар қойылып, өлең шумақтары сұралды.

<https://www.facebook.com/100037056150146/videos/477031507830108/>

### **«Толағай» отбасылар сайысы**

Тәлімді тәрбие отбасынан басталса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ. Ата-ана шаңырақтың іргетасы. Сондықтан, бала өмірінде салауатты өмір салтын қалыптастыруда әке мен ананың рөлі орасан зор. Мектебімізде бастауыш сынып жетекшілері мен дене тәрбиесі пәні мұғалімдерімен бірлескен 2-4 сыныптар арасында «Толағай» отбасылар сайысы өткізілді. Сайыс-отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды. 8 кезең бойынша өткен сайысқа сыныптың белсенді, спортқа жақын ата-аналары қатысты. Оқушылар мен ата-аналар сайыстың әр кезеңіне белсене қатысты. Сыныптың басқа балалары жанкүйер болып, сыныптастарына қолдау көрсетті. Барлық қатысушылар мақтау қағазы мен сыйлықтарға ие болды.



### **«Желтоқсан жаңғырығы» атты көрме ұйымдастырылды**

Тамыры тереңге тартатын, салты мен дәстүрінің беріктігімен бекем, жігіті жігерлі, қызы қылықты, қариясы кемеңгер, өмірі өлең, өнері өнегелі қазақ халқы сан ғасыр ерікті ел болу жолында күресті. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Желтоқсан жаңғырығы» атты көрме ұйымдастырылды.

### **«Маусымашар-2022»**

Мектебімізде 9-10 сынып оқушылары арасында «Маусымашар-2022» Жайдарман ойынының ашылуы өтті. Жаңа маусымның алғашқы ойыны



қызыққа толы болды. Сахнада алғашқы өнер көрсетулері болса да, әр команда өзіндік ерекшеліктерімен танылып, 9«Ә» сыныбы І-орын алса, «Үздік ойыншы» деп Серікбол Жәнібек танылды.

### «Алғыс айту» күні

Осылайша, наурыз айының беташар күні мерекелік құттықтау, бір-біріне деген ыстық ықылас пен ризашылық сөздермен бастау алды. Қаһарлы қыс бітіп, жайма шуақ мезгіл көктемнің алғашқы мерекесі тойлануда. Бүгін «Алғыс айту күні» қарсаңында жұмыс жоспары құрылып іс-шаралар атқарылумен қатар, дәстүрімізді дәріптеу мақсатында қазақи нақышта ұлттық киім кию тапсырылды. Білім ошағына келген әрбір жанды оқушылар құттықтады. Мектеп директоры Қайрат Сыдықұлы оқушылардың құттықтауына ризашылығын айтып, өз тілегін, алғысын білдірді. Арнайы құттықтауға дайындалған 2-5 сынып оқушыларының тілек лебіздеріне алғыс білдіреміз!



### «Алғыс айту парыз ба, міндет пе?» тақырыбында пікірсайыс

Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парыз ба, міндет пе?» тақырыбында пікірсайыс ұйымдастырылды.



### «Ең алғыр, ең талантты ана мен бала» сайысы

Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ертеден түсінген. Бала - өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері. Кең даламызда көшпелі күн кешіп, аттың жалында, түйенің қомында жүрсе де, халқымыз


жас ұрпаққа жақсы тәрбие берудің салт - дәстүр, әдет - ғұрпын қалыптастырған. Мектебімізде 1-4 сыныптар арасында ұйымшыл, алғыр, шапшаң жанұяны анықтайтын 8-Наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Ең алғыр, ең талантты ана мен бала» ұрпақтар сабақтастығын жалғаған сайыс өткізілді.



### **«Бұрымды қыз» атты сайыс өтті**

8-10 сынып қыздары арасында «Бұрымды қыз» атты сайыс өтті.

Мақсаты: Қыздарға ұмыт болуға айналған ұлттық төл мәдениетіміз бен өнерімізді, салт-дәстүрді жаңғырту, әсіресе қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру арқылы әділеттікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу. Ақылды да ажарлы, дарынды да талантты, бұрымды қыздарды таныстыру. Шаштарын үнемі күтіп ұстауға, тазалыққа тәрбиелеу.



### **«Өз құқығыңды білесің бе?» жиналыс**

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 7-11 сынып оқушыларымен Жарма аудандық полиция бөлімінің кәмелеттік жасқа толмағандар жөніндегі инспекторларымен кездесу өткізілді.



## «Ұлттық ойындар» күні

XXI ғасыр – білімділер ғасыры. Бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру – мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектеп ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болуы, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепте қалыптасады. Бұл орайда біз ұлттық ойындарға үлкен көңіл бөліп отырамыз.



## «Қыз тәрбиесі-ұлттық тәрбие» кездесу

«Қыз тәрбиесі-ұлттық тәрбие» тақырыбында аудандық аурухана акушер-гинекологы Азбергенова Гүлім Габдулкумаровнамен 8-11 сыныптың қыздарымен кездесу өткізілді.

**Мақсаты:** қыз балаларға адамгершілік, адалдық іс-қимыл, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұматтар беру арқылы қыз баланың бойына рухани, адамгершілік, сыпайылық қасиеттерін дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға тәрбиелеу.



## «Әкем -менің мақтанышым,қорғаным» әкелер конференциясы

Мақсаты: заманауи қоғамдағы, отбасындағы әкенің рөлі мен маңызын насихаттау, дәріптеу.

Форумға келген әкелер қауымы біршама жақсы нәрселерді ойларына түйіп, жоғары көңіл-күймен тарады. Бала тәрбиесі мен мектеп өміріне белсене атсалысқан әкелер алғыс хатпен марапатталды.



### «ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ - ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ»

Наурыз – жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін табиғат мерекесі. Осы орай мектеп парламент ұйымымен өткізілген Наурыз мерекесі жоғары деңгейде өтті.



### "Қыс қызығы" атты спорттық сайыс

23-ші ақпанда дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары арасында "Қыс қызығы" атты спорттық сайыс өткізілді. Сайыс кегилерді қар кесегімен атып құлату, омбы қармен жүріп өту, хоккей шайбасын соғып нысанаға тигізу, арқанмен өту сияқты кедергілер жолағы түрінде өтті. Кедергілерден ең жылдам өтіп келген 6 "А" сыныбы 1-ші орынды, 2-ші орынды 7 "Ә" сыныбы, 3-ші орынды 7 "А" сыныбы иеленді.



### «Жігіт сұлтаны - 2023» сайысы

7 мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні. Бұл тәуелсіз еліміздің өзіндік қорғаныс қабілеті бар екенін білдіретін мереке. Егеменді еліміздің отын сөндірмей, қорғаныс жүйемізді бекем ұстап келе жатқан ер азаматтардың мерекесіне орай мектебімізде «Жігіт сұлтаны - 2023» сайысы 8-10 сыныптар арасында өткізілді.

#### Мақсаты:

1. Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру.
2. Әр баланың бойындағы қабілеттерін: ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.
3. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

Аталған байқауда 6 сайыскер сынға түсіп, 8 "А" сынып оқушысы Қали Айбол білім мен шығармашылық қабілетін ұштастырып, спорттық сайыстағы ептілігімен үздік өнер көрсетіп, бас жүлде иегері атанды.



### Қыздар жиналысы

"Қызды қырық үйден тыю" тақырыбында 8-11 сынып қыздары арасында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыста қыздарға қатысты әр түрлі мәселелер қарастырылды. Мектеп қыздарының сабақтан қалмауын, тәртібін, қыздардың жүріс – тұрысын, жеке бас гигиенасын қадағалауы туралы айтылды.



### «Оқы да, баянда» буккросинг

«Оқы да, баянда» бастауыш сыныптар арасында өткізілген буккросинг нәтижелері




### Мектебімізде 1 мамыр — бірлік күніне орай сынып сағаттары өткізілді.

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы. Бұл күн — әрбір қазақстандық үшін Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімнің, азаматтық борыш пен ұлттық келісімнің мерекесі.



### "Сап және ән" байқауы

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне және "Ұлы Жеңіске 78 жыл" толуына орай оқушылар арасында "Сап және ән" байқауы өткізілді. Мақсаты: оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, әскерге деген көзқарасты қалыптастыру, оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу.



### Облыстық тәлімгерлердің семинары Жарма ауданында. Тәлімгер, Мектеп Президенті және фракция мүшелері



2023 жылдың 19 мамырында «Мектеп Парламентінің үздік Президенті-2023» облыстық байқауының аудандық кезеңінде Кенжебек Шакенов атындағы орта мектебінің Мектеп Президенті 9 сынып оқушысы Мұқит Шәрбат II орын иеленді.

